

«2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы»

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т. Қ Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамызы күні Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің ырыңғай пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174-И хаты, Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №363 бұйрығы негізінде, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №277 бұйрығы негізінде 2023-2024 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

### БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп әкімшілігіне

1.1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдіс-емелік нұсқаулық хаты басшылыққа алынсын.

1.2. 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.

1.3. Білім алушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздік шараларын сақтауы бақылауға алынсын.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан №34 орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 тамыр болып белгіленді;

2) Оқу жылының ұзақтығы 1 – сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) – сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) Оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникул кезеңдері: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан – 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 – 31 наурызды қоса алғанда);


1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда)

1.6. Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

1.7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзімде қалдырамын.

Мектеп директоры



А.Ж.Айзакова